



Co-funded by the
Erasmus+ Programme
of the European Union

Project number 561969-EPP-1-2015-1-DE-EPPKA2-CBHE

КРУГЛЫЙ СТОЛ С УЧАСТИЕМ СТЕЙКХОЛДЕРОВ проекта ERASMUS+ «Устойчивое сельское хозяйство и развитие сельских территорий» - SARUD

Халықаралық ERASMUS+ «Ауыл шаруашылығы және ауылдық аймақтардың тұрақты дамыту - SARUD» жобасы аясында шеңберінде 2016 жылдың 7 маусымында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде "Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуші түлектерге еңбек нарығының талаптарын анықтау" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелді ұйымдастырудың мақсаты еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіби біліктерді талқылау, білім алушылар үшін өзекті, қызықты, Қазақстан шарттарына бейімделген магистратураның "Тұрақты ауыл шаруашылығы және ауылдық аймақтардың дамуы" білім бағдарламасын талқылау.

Дөңгелек үстел жұмысына Ақмола облысы аудандарының әкімдері, ҚР "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, ауылшаруашылық кәсіпорындарының: «АКА» ЖШС, «Актык» АФ ЖШС, «Родина» АФ ЖШС өкілдері, Қазақстан фермерлер Одағының өкілдері, Занды тұлғалардың «ҚР орман шаруашылығы және орманды өңдеу ұйымдарының Ассоциациясы «Жасыл Орман» Бірлестігі өкілдері және басқалар қатысты.



